

## Қаражал қаласында барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2009 жылғы 30 қаңтардағы N 118 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 06 ақпанда N 8-5-64 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXII сессиясының 2018 жылғы 5 сәуірдегі N 204 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXII сессиясының 05.04.2018 N 204 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының X сессиясының 2012.12.12 N 83 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Қаражал қаласында барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қаражал қалалық Мәслихатының 2008 жылғы 05 наурыздағы N 49 " Қаражал қаласында барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" шешімінің (2008 жылғы 25 наурыздағы Қаражал қаласының Әділет басқармасында тіркеу нөмірі 8-5-52, 2008 жылғы 05 сәуірдегі N 14 "Қазыналы өңір" газетінде жариялаған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық Мәслихаттың бюджет және экономика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасына ( Б. Мусин) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері:**

N	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	6
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	3
4	Ойын жолы	35
5	Карт	8
6	Бильярд үстелі	12